

## Балаларға қызмет көрсету бөлімі

Балаларға қызмет көрсету бөлімі – балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға, ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға және бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған кітапхананың маңызды құрылымдық бөлімдерінің бірі.

Бөлім келесі үш бағыт бойынша қызмет көрсетеді:

- мектеп жасына дейінгі балалар мен 1–4 сынып оқушыларына арналған бөлім;
- 5–9 сынып оқушыларына арналған абонемент;
- 5–9 сынып оқушыларына арналған оқу залы.

Бөлімнің негізгі міндеттері:

- ✓ оқырмандарға сапалы кітапханалық қызмет көрсету;
- ✓ балаларға кітаптар мен мерзімді басылымдарды ұсыну;
- ✓ кітап көрмелерін ұйымдастыру;
- ✓ әдеби кештер, ертеңгіліктер, викториналар, байқаулар және басқа да мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізу;
- ✓ балаларды кітап оқуға баулу және оқырмандық мәдениетін қалыптастыру;
- ✓ ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету;
- ✓ цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізу;
- ✓ бала құқықтары мен еңбек қауіпсіздігі тақырыптарында танымдық іс-шаралар ұйымдастыру;
- ✓ кітапханалық жобаларды жүзеге асыру және дамыту.

Бөлім оқырмандардың білімін толықтыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және олардың жан-жақты тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.